



БҰЙРЫҚ
Қостанай қаласы

ПРИКАЗ
Город Костанай

№ 7571
«08» 06 2026 ж\г

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Қостанай» халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында ішкі талдау жүргізілсін.

2. Ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2026 жылғы 08 маусымнан 2026 жылғы 30 маусымға дейін.

3. Талдау кезеңі: 2025 жылдың 6 айы және 2026 жылдың 6 айы.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс маманы Аскарова Г.М.-ға ішкі талдау жүргізу тапсырылсын. Қажетті ақпаратты алу мақсатында Басқарма төрағасының орынбасары Жакенов Е.С., Арқалық қаласындағы филиал директоры Исаков Ж.М., маркетинг қызметінің бастығы Молдабаева А.К., кадр бөлімі бастығы Абдулина Д.Н., ұйымның заңгері Ким А.Ю. орындаушыға толық көмек көрсетіп, талап етілген құжаттарды тапсырсын.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс маманы Аскарова Г.М.-ға ішкі талдау нәтижелерін акционерлік қоғамның интернет-ресурсында жариялау тапсырылсын.

6. Ішкі талдауды жүргізу бойынша басшылық, үйлестіру және жауапкершілік өзімде қалады.

Басқарма төрағасы

А. Бекбосынов